

Сактаганова З.Г.¹, Бодеев К.Т.²

¹тарих ғылымдарының докторы, профессор, e-mail: zauresh63@mail.ru

²докторант, e-mail: bodeev-78@mail.ru

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан, Қарағанды қ.

**ҚАЙТА ҚҰРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ
ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КОНФЕССИЯЛЫҚ АХУАЛ
(XX ғасырдың 80 жж. ортасы мен 90 жж.)**

Дінмен күрестің кеңестік нұсқасының соңғы кезеңіндегі Орталық Қазақстандағы конфессиялық ахуал. Орталық Қазақстанда орналасқан барлық діни ұйымдардың мәдени, әлеуметтік өмірі. Секталар санатына жатқызылған діни ұйымдардың уәкілетті органдармен «күресі». КСРО көлемінде жүргізіліп жатқан «қайта құру» саясатының принциптері мен шынайы өмір арасындағы алшақтық. Діни ұйымдар қызметінің қоғамдық-саяси ұйымдардың ықпалымен қайта жандануы. Халықаралық оқиғалардың өлкедегі конфессиялық өмірге әсері. Орталықтан жіберілген нұсқаулардың мазмұнындағы өзгерістер. Діни ұйым басшыларының әлеуметтік портреті.

Түйін сөздер: мұсылмандық діни ұйымдар, христиандық діни ұйымдар, діндарлар, діни мерекелер, «қайта құру» саясаты.

Saktaганova Z.G.¹, Bodeev K.T.²

¹d.p.s., professor, e-mail: zauresh63@mail.ru

²PhD freshmen student, e-mail: bodeev-78@mail.ru

E.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan, Karaganda

**Confessional situation in Central Kazakhstan in the period perestroika
(80-90-ies of XX century)**

The confessional situation in Central Kazakhstan at the last stage of the Soviet version of the struggle with religion. Cultural, social life of all religious organizations located in Central Kazakhstan. «Struggle» of authorized bodies with religious organizations classified as sects. The gap between the principles of the policy of «perestroika», conducted on the scale of the USSR, and real life. The revival of the activities of religious organizations under the influence of socio-political organizations. The influence of international events on the confessional life of the region. Changes in the content of instructions sent from the center. Social portrait of heads of religious organizations.

Key words: Muslim religious organizations, Christian religious organizations, believers, religious holidays, «perestroika» policy.

Сактаганова З.Г.¹, Бодеев К.Т.²

¹доктор исторических наук, профессор, e-mail: zauresh63@mail.ru

²докторант, e-mail: bodeev-78@mail.ru

Қарағанды мемлекеттік университеті им. Е.А. Бүкетов, Қазақстан, Қарағанды қ.

**Конфессиональная ситуация
в Центральном Казахстане в период перестройки
(80-90-е гг. XX века)**

Конфессиональная ситуация в Центральном Казахстане на последнем этапе советской версии борьбы с религией. Культурная, социальная жизнь всех религиозных организаций, расположенных в Центральном Казахстане. «Борьба» уполномоченных органов с религиозными организациями,

отнесенных к категории сект. Разрыв между принципами политики перестройки, проводимой в масштабе СССР, и реальной жизни. Возрождение деятельности религиозных организаций под влиянием общественно-политических организаций. Влияние международных событий на конфессиональную жизнь региона. Изменения в содержании указаний, отправленных из центра. Социальный портрет руководителей религиозных организаций.

Ключевые слова: мусульманские религиозные организации, христианские религиозные организации, верующие, религиозные праздники, политика «перестройки».

Кіріспе

XX ғасырдың 80-ші жж. ортасы «қайта құру» деген атпен тарихқа енді. М.С. Горбачевтің «қоғамды демократияландыру» үдерісі барлық саланы қамтуға бағытталғанымен, дін, діни ұйымдар, діндарлардың құқықтары, даму мүмкіндіктеріне салынған шектеулер алынған жоқ. Дегенмен, Қазақстан аумағында болып өткен басқа да оқиғалар, жаңа билік ұсынған бағыттың елде толыққанды демократия орнатуы мүмкін еместігін дәлелдеді.

Мақалада Орталық Қазақстан аумағында орналасқан діни ұйымдардың дамуы, сол уақыттағы әкімшілік-аумақтық өзгерістерге сәйкес қарастырылады. Яғни, Жезқазған және Қарағанды облыстарының аумақтары ескерілді. XX ғасырдың 20 жж. саяси қысым көріп, қоғамның барлық салаларынан аластатылған дін, діни ұйымдардың «қайта құру» аясында жұмысының қайта жандануы отандық тарих үшін өзекті мәселелердің бірі. Кеңес өкіметі «өмір сүрген» уақыт аралығында барлық ауыртпалықты бастан өткерген діни ұйымдардың қалыпты дамуы осы кезеңде басталды. Қоғамның дамуындағы рухани саланың бірі болып табылатын діннің адам үшін мәнін түсінбеген билік күресі аяқталуға жақын еді.

Зерттеудің әдіснамасы

Мақаланы жазу барысында басшылыққа алынған қағидалар – қоғам дамуындағы жалпы заңдылықтар болып табылады. Атап айтқанда, жалпы әдіснамалық бағыттар мен ықпалды теориялық мектептердегі деректерге талдау жасау мен баға беру тәсілдері болып табылады. Сонымен қатар тарихи салыстырмалық және жүйелілік-құрылымдық тәсілдер қолданылды. Зерттеу нысаны объективтілік, ғылымилық, тарихи негізде зерттелді. Ең басты принциптердің бірі – талдау және қорыту болғанын ерекше айтудымыз керек. Сонымен қатар, хронологиялық-тарихи, логикалық-тарихи, жүйелеу принциптері арқылы зерделенді.

Қайта құру қарсаңындағы діни ахуал

Сонымен, «қайта құру» қарсаңындағы Қазақстан аумағындағы діни ұйымдардың жағдайын, 1983 жылы 14 қарашада қабылданған «Қазақ КСР-де діни культтер жөніндегі заңды ұстану жайлы» (Қарағанды Облыстық Мемлекеттік Архиві, 1364-қ, 128-іс) қаулыдан көруге болады. Қаулыда діни экстремизмге қарсы күресті күшейту туралы айтылды. Қаулыға сәйкес сектаға жататын діни ұйымдардың заңға қарсы әрекеттерін анықтау үшін «секта мүшелерінің жеке басы мәліметтерін, ұлттық және жас құрамын, жұмыс орнын, атқаратын қызметін анықтау; секта көсемдерінің және мүшелерінің ар-ұждандық және әлеуметтік бейнесін, экстремистік көзқарастары мен ұстанымдарының себептерін анықтау» (КОМА, 1364-қ, 128-іс: 2) тапсырылды. Сонымен қатар, секталардың әрбір заңға қайшы діни жиналыстарын заңдық актілермен тіркеп, бір ай көлемінде әкімшілік шара қолданып, айыппұл салу көзделді. Бұл қаулы, М.С. Горбачев КОКП ОК бірінше хатшы болып сайлануынан бұрын қабылданды. Дегенмен, КСРО тарағанға дейін дінге көзқарас Қазақстан аумағында осы бағытта дамыды.

XX ғасырдың 50-60 ж. діни ұйымдар ресми жұмыс жасауға, тіркеуден өтуге ұмтылып, жергілікті дін істері бойынша комитеттерге жиі өтініштер түсіріп отырған еді. КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы дін істері бойынша комитет өз кезегінде, діни ұйымдардың ресми тіркеуден өтуіне қарсы болып, оларды мүмкіндігінше тоқтатуға тырысып, жергілікті комитет уәкілдеріне діни ұйымды тіркемеудің, ұйымды таратудың жолдарын қарастыру жайлы құпия нұсқау хаттар жіберіп отырды.

1983 жылы қарашада қабылданған қаулыда «Сектанттардың жиылыстарына қатынасып, діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін заңдық жолмен жұмыс істеуге болатындығын ескертіп, экстремист көсемдер ықпалынан ажырату үшін, қатардағы діндарлар арасында әңгіме жүргізу» (КОМА, 1364-қ, 128-іс: 2) керектігі айтылды. Яғни, билік органдары өз тарапы-

нан діни ұйымдардың ресми тіркеуден өтуіне қызығушылық танытты. Бірақ, билік пен діни ұйымдар арасындағы қарым-қатынасқа мысал ретінде, Қарағанды қаласындағы ресми тіркеуден өтпеген евангелия-христиан баптистерінің (әрі қарай ЕХБ – К.Б.) пресвитерлерінің бірі Я.Я. Биккерттің КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы А.А. Громыкоға тоқсан адам қол қойып жолдаған хатымен көрсетуге болады. Хатта: «... постоянные конфликты между нами и органами местной власти происходят не из-за того, что мы не уважаем Советские законы, как часто нас выставляют, но из-за законодательства о религиозных культурах. Христианин, исполняя это законодательство обречен на духовную смерть, а церковь на вымирание. Пункт 17 законодательства Каз. ССР – явное доказательство. По Библии: «Любите ненавидящих вас,» а по законодательству: «Не помогай брату или сестре, если они в нужде». По Библии: «...отпустить же их не евшими не хочу, чтобы не ослабели в дороге». Матф.15:32. По законодательству, ... использование в ходе собрания благотворительной миссии (обед для присутствующих) – нарушение, и двум нашим братьям, в домах, где обедали после собрания оштрафовали на 50 рублей... Что характерно, во время беседы на комиссии секретарь райисполкома Е.Н. Поддубная подчеркнула: «Идет перестройка, мы сейчас поворачиваемся лицом к людям, но ... закон и по нему живём и мы исполнители и ничего сделать не можем». Это верующие давно знали и не первое письмо отправляется в выше стоящие инстанции.

Законодательство всячески старается воссоединить церковь с государством (пункты законодательства 8,12, 13, 14, 15). Главенствовать в церкви должен Христос и никакая другая личность, коллектив или партия» (Ресей Федерациясының Мемлекеттік Архиві, Р-6991-қ, 4082-іс: 8-11) делінген. Яғни, діни ұйымдардың ұстанымдары мен қолданыстағы заң өзара қарама-қайшылыққа толы болды.

Діни ұйымдарға қатысты осы кезеңге дейін қолданылған жаза түрлері де өзгеріссіз қалды. Жүйелі түрде культ жайлы заңды бұзушы секта көсемдері мен белсенділерін жұмыс орнындағы ұжымдық, мекен жайлары бойынша жиналыстарда талқылау, прокуратураға діни культтер бойынша заңды бұзатын секта көсемдері мен белсенділері үстінен арыз жазып, қылмыстық құқық бойынша жауапкершілікке тартуға тапсырмалар берілді. Жергілікті мерзімді басылымдар, радио, теледидарларды секталармен күреске

шақыру, ақпарат құралдарының көмегі арқылы халық арасында үгіт насихат жүргізу жүктеліп отырды.

Діни ұйымдардың сандық және сапалық көрсеткіштері

Қарағанды, Жезқазған облыстарында ресми тіркеуден өткен, сонымен қатар жасырын, заңсыз жұмыс жасайтын діни ұйымдар болды. 1986 жылдың басында Жезқазған облысы бойынша 22 діни ұйым жұмыс жасады. Олардың тіркеуден өткендері: Орыс православие шіркеуі – екі (әрі қарай ОПШ – К.Б.), Католик шіркеуі (бір), Лютерандар шіркеуі (төрт), Мұсылмандар мешіті (бір), ЕХБ (екі), Жетінші күн адвентистері – бір (әрі қарай ЖКА – К.Б.), Меннониттер (бір), барлығы 12 ұйым. Тіркеуден өтпеген діни ұйымдардың саны 10, олар: Лютерандар шіркеуі (екі), ЕХБ (бір), Пятидесятниктер (бір), Шіркеу кеңесінің жақтастары (үш), Иегово куәгерлері (үш) (РФМА, Р-6991-қ, 2981-іс: 44).

Қарағанды облысы бойынша барлығы 47 діни ұйым жұмыс жасады. Оның 36-сы тіркеуден өткен, 11-і тіркеуден өтпеген болатын. Тіркеуден өткен діни ұйымдар: Орыс православие шіркеуі (үш), Католиктер шіркеуі (бір), Лютерандар шіркеуі (он бір), Мұсылмандар мешіті (екі), ЕХБ (тоғыз), Пятидесятниктер (алты), ЖКА (екі), Меннониттер (екі). Ал тіркеуден өтпеген ұйымдар: Орыс православие шіркеуі (екі), Католиктер шіркеуі (бір), Лютерандар шіркеуі (бір), ЕХБ (төрт), Пятидесятниктер (бір), Меннониттер (екі) (РФМА, Р-6991-қ, 2981-іс: 48-49).

Діни ұйымдар өздерін жораларды жүзеге асыру (шоқындыру, жаназа шығару, неке қию т.б.) және діндарлардың өз еркімен қайырымдылық жасауы арқылы қаржыландырып отырды. Орыс православие шіркеуі ғана культ бұйымдарын (икона, балауыз т.б.) сату арқылы пайда табуға мүмкіндіктері болды.

1985 жылы Қарағанды облысы бойынша тіркеуден өтпеген діни ұйымдардың дені Евангелия-христиан баптистері еді.

Солардың бірі – Қарағанды қаласының Ленин ауданында орналасқан діни топ. Діни ұйым 1975 жылы құрылған болатын. Ұйымға мүше 20 адам оның 16-сы орта және үлкен жастағы әйелдер еді. Мүше болғандар дені неміс ұлтынан. Топтың жетекшісі – Виль Эвальд Христианович. Ол жайлы архив құжаттарында «Э.Х. Виль діни топ құрылған кезден бастап жетекші. Дін жолына бала кезінен түскен. Діндарлар арасында айтарлықтай беделі бар. Эмиграцияға кету ойы

жоқ. Кеңестік заңнамаға қарсы әрекеттері үшін әкімшілік айыппұлдар салынды. Салмақты, елгезек, өзіне сенімді және өзімшілдеу)» (ҚОМА, 1364-қ, 128-іс: 6) деген мінездеме берген.

Келесі бір ЕХБ ұйымы Қарағанды қаласы Киров ауданында орналасты. Діни ұйым 1960 жылдардың соңында пайда болды. Діни рәсімдерін топқа мүше адамдардың үйлерінде өткізеді. Мәліметтер бойынша мүшелерінің саны 50 адам, олардың 85%-ы орыстар мен украиндар. Топтың жетекшілері Гуляев Василий Акимович және Кныш Иван Федосеевич.

Облыстық архив мәліметтеріне сүйенсек «Гуляев Василий Акимович 1927 жылы Брянд облысы, Дядьков ауданы, Ивановичи селосында туған. Бастауыш білімі бар. 1948 жылы РКФСР ҚК 58-І- а бабымен сотталып 25 ЕТЛ (еңбекпен түзеу лагері – К.Б.) жіберілген. 1960 жылы ЕТЛ-дегі өтеу мерзімі 7 жылға қысқартылды. Көп сөйлемейді, дінге ЕТЛ-де жүрген уақытында бейімделген. Өте қу адам, діни культтер бойынша кеңес заңнамасын мойындамайды. Оның пікірінше Кеңес Одағында дінге қарсы жағдай қалыптасқан, қоғамдық іс-шаралардың барлығын қабылдамайды. Балаларын да осы бағытта тәрбиелейді. Гуляевпен бірнеше рет алдын алу, тәрбиелеу жұмыстары жүргізіліп, 1984 жылы екі рет айыппұл салынды. Ал 1985 жылы шілдеде Қарағанды қаласы Киров ауданы прокурорының арнайы ескертуін алды» (ҚОМА, 1364-қ, 128-іс: 7).

Ал келесі жетекші И.Ф. Кныш жайлы «...1924 жылы туған. Ұлты украин. Полтава облысы, Сгуров ауданының, Лизогуб селосынан. Бастауыш білімі бар. Отбасылы. 1947 жылы РКФСР ҚК 58-10 бабының 1 ші тармағы бойынша 6 жылға ЕТЛ-не жіберілген. 1963 жылы ақталған. Діндарлар арасында беделді емес. КСРО-дағы діни культтер бойынша заңдарды мойындамайды. Мінезі тұрақсыз...» (ҚОМА, 1364-қ, 128-іс: 7) деген ақпарат бар.

Тағы келесі ЕХБ діни ұйымы Тельман ауданы, Токаревка поселкесінде орналасты. 1964 жылдан тіркеусіз жұмыс істей бастаған қауымдастық құрамында 80 ж. ортасында барлығы 76 діни бірлестік болды. Олардың 19-ы еркек, 57-і әйел, 16-сы мектеп оқушысы, 2-і КТУ оқытушысы. 18 жасқа дейін діндарлар саны – 16; 30 жасқа дейін 28; 30-40 аралығында 5 адам; 50-60 аралығында 15 адам; 60 жастан жоғары 6 адам тіркелді. Құлшылық етуді жеке үйлерде өткізетін. Кейбір діндарлар Теміртау қаласындағы «автономды» ЕХБ шіркеуіне барды. Ұйымның 70%-н немістер құрады. Архивте

діни ұйым жетекшілері жайлы да мәлімет бар, онда: «Вркентин Петр Васильевич – 1923 жылы туған, зейнеткер, ұлты неміс. Білімі аяқталмаған орта білім. Отбасылы. Мінезі салмақты, байсалды, КСРО-дағы діндарлардың жағдайы жайлы пікірі тұрақсыз. Бірнеше рет әкімшілік жазаға тартылды.

Ұйымның тағы бір жетекшісі – Зудермен Гергард Антонович. 1938 жылы туған. Ұлты неміс. Аяқталмаған орта білімді. Жоғарғы вольтті жүйеде электромонтер жұмысын атқарады. Отбасылы. Он баласы бар. Дінге бала кезінен бейім. «КСРО-да діни көзқарас бойынша қудалау бар» деп есептейді. «Сол себепті де, діни қудалауға түскен адамдарға көмек көрсету керек» деп есептейді. Әкімшілік жазаға бірнеше рет тартылған. Жұмыс орнындағы жиналыста да әңгімеленді» (ҚОМА, 1364-қ, 128-іс: 8) делінген.

Нұра ауданы, Киевка поселкесіндегі тағы бір ЕХБ діни ұйымы орналасты. 1960 жылдардың соңында пайда болған діни ұйым құрамында 136 діндар тіркелді. Оның 86-сы әйел, 34-і ұй шаруасында. Ұйым мүшелерінің 98%-ын неміс ұлты құрады. Жас құрамы бойынша 18-30 жас аралығында 60 адам; 30-50 жас аралығында – 35 адам; 50 және елу жастан жоғары 41 адам тіркеліп, 26-сы зейнеткер жасында еді. Жиналыстары діни рәсімдер жүргізуге бейімделген жеке үйде өткізілді.

Діни ұйымның жетекшілері:

– Безе Пауль Эммануилович, 1935 жылы туылған. Жеті жылдық білім бар, ұлты неміс. Үйленген. Қоғамдық тамақтану орнында электрик болып жұмыс істеді.

– Кнауб Александр Фридрихович – 1930 жылы туылған. Ұлты неміс. Орта толық емес білімі бар. Аудандағы автобазада токарь болып жұмыс атқарды.

– Тим Владимир Фридрихович – 1937 жылы туған. Жеті сыныптық білім бар. Чернигов кеңшарының №3 бөлімшесінде дәнекерлеуші болып жұмыс атқарды.

Діни ұйымның жетекшілері жайлы «... барлығы діни ұйымдарды тіркеуден өткізуді қажетсіз, балаларға діни тәрбие беру керек деп есептейді. Қолданыстағы заңның діндарларға қатысты жазалаушы заң екенін айтты. Қоғамдық жұмыстардан бас тартып, адам бос уақытын құдайға құлшылық етуге арнауы тиіс деп есептейді. Ашық түрде уағыз жүргізбейді. Қаскөйлік әрекеттері байқалған емес. Өкімет тарапынан алдын алу-ескерту жұмыстары жүргізіліп, әкімшілік жазаға да, қылмыстық жазаға да тартылған» (ҚОМА, 1364-қ, 128-

іс: 9) делінген. Діни ұйымдар жетекшілерінің әрқайсысына ақпарат жиналды. Ол ақпаратты билік керек уақытында пайдаланды.

Билік тарапынан қолдау таппай, секта қатарына жатқызылған діни ұйымдардың бірі – пятидесятник-воронаевшылар еді. Қарағанды қаласындағы пятидесятник-воронаевшылар діни ұйымы ХХ ғасырдың 50-ші жылдарында пайда болды. 1985 жылы құрамында 200-дей діндар тіркелген еді. 160-тан астамы әйелдер, көпшілігі үй шаруашылығында. Жасы 30-ға дейінгі жастар 15%-ды, ал 40-60 жас арасындағылар басым бөлігін құрады. Діндарлардың барлығы орта білімді немесе аяқталмаған орта білімді еді. Құжаттарда: «Бұл діни ұйым ресми тіркеуден өтпеген. Тіркеуден өтуге қарсы. Қолда бар мәліметтер бойынша пятидесятниктер «киелі рухпен шоқындыру» немесе өзге тілде сөйлеу рәсімдерін жүргізеді» (ҚОМА, 1364-қ, 128-іс: 10) делінген.

Қауымға жетекшілік еткендер Доманский Г.А., Кригер В.О. Архивте діни ұйым жетекшілеріне келесі мінездеме берілген: «Доманский Герасим Антонович – 1919 жылы Хмельницк қаласында туған, ұлты поляк, 6 сыныптық білімі бар. 1951 жылы Укр КСР-ның ҚК 54-10 бабының II-ші тармағы және 54-II бабы бойынша сотталған. Пятидесятник-воронаевшылардың аға пресвитері. Дінге 1947 жылдан мойын бұрды. Дінге берілген, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, салмақты, діндарлар арасында беделді. Әкімшілік жазаға тартылып, прокуратура тарапынан ескерту алды.

Кригер Василий Оттович – 1928 жылы туылған. Херсон облысында туылған. Ұлты неміс. 6 сыныптық білімі бар. Қазір зейнеткер. Дзержинская көшесі 52-357 үйде тұрады. Пятидесятник-воронаевшылардың пресвитері. Діни фанатик. Эмиграцияға бейім. Өз әрекетінде ұлтараздық қоздыру және шындыққа сәйкес келмейтін ақпараттар таратумен айналысады. Кеңес өкіметіне сын көзбен қарайды. ГФР еліндегі діни ұйымдарға бару үшін өтініш жазуды тоқтатар емес. Аштық жариялауға дайын екенін айтып қорқытуда» (ҚОМА, 1364-қ, 128-іс: 10).

Пятидесятник-воронаевшылардың келесі бір тобы Теміртау қаласында орналасты. 1960 жылдардың соңында пайда болды. 1985 жылы қауымда 25-30 діндар болды. Діндарлардың көпшілігін жасы ұлғайған әйелдер құрап, рәсімдер діндарлардың жеке үйлерінде өткізді. Билік органдарының мәліметтерінше, Қарағанды қаласындағы пятидесятник-воронаевшылардың

ықпалымен ресми тіркеуден өтуден бас тартып отырды. Топқа жетекшілік еткен, 1922 жылы туылған, ұлты неміс – Штейнгауэр Карл Францевич.

Келесі пятидесятник-воронаевшылар діни ұйымы Шахтинск қаласында 1983 жылы пайда болды. Пятидесятниктер мен баптистердің бірігуі нәтижесінде құрылған ұйым құрамында 25 діндар тіркелді. Ұйымның жетекшісі Келбатыров Тағас, 1964 жылы туылған. Орта білімді. Ұлты қазақ. Шахтинск қаласының №6 шахта құрылыс басқармасында тау-кен жұмысшысы болып жұмыс атқарды. Дінге ден қойғанына көп бола қоймаған Т.Келбатыров, ұйымға ұлты украин әйелінің ықпалымен өткен болатын. Т.Келбатыровпен де алдын алу және тәрбиелеу әңгімелері жүргізілді. 1984-1985 ж. әкімшілік жазаға да тартылды.

Қарағанды қаласының ЕХБШК (Евангелия-Христиан Баптистері Шіркеулерінің Кеңесі – К.Б.) меннонит жақтастары діни ұйымы 1960 жылдардың соңында пайда болды. Қарағанды қаласы Октябрь ауданының 33-34 шахта поселкелерінің аумағында орналасқан ұйым құрамында 100-120 діндар тіркелді. Діндарлардың басым бөлігін неміс ұлтының орта және егде жастағы әйелдері құрады. Діни ұйым құрамында мектепке дейінгі, мектеп жасындағы жастар мен балалар да болды. Діни ұйым жанынан кешкі мектеп ұйымдастырды (ҚОМА, 1364-қ, 128-іс: 11). Бірақ, кәметтік жасқа толмаған балалардың діни ұйымдарға мүше болуына заңмен тыйым салынған еді.

Діни ұйымның жетекшілерінің бірі – Биккерт Яков Яковлевич. Ол аға пресвитер қызметін атқарды. 1938 жылы Омбы облысы Есіл ауданында туған Я.Я. Биккерт, Майқұдық шахтасында кенші жұмысын атқарды. Дінге бала кезінен мойын бұрған. Діндарлар отбасынан шыққан. Архив құжаттарында оған «Қу, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары. Аудиториямен жұмыс жасай алады. Діни фанатик. Сектанттар арасында беделді. КСРО-да діндарларды қудалайды деген пікірде. Діни ұйым мүшелерін де осы бағытта үгіттейді. Діни көзқарастары үшін бірнеше рет әкімшілік жазаға да тартылды. Оның жеке басы мәселесі ұжымда да, аудандық атқару комитетінің ықпалдасу комиссиясының отырысында да талқыланды» (ҚОМА, 1364-қ, 128-іс: 13) деген мінездеме берілген.

Қоғамға жат секта деп танылған діни ұйымдардың бірі – иеговистер еді. Оның екі бағыты иеговист-бруклиншілер мен иеговист-ильиншілердің өкілдері Қарағанды облысының

аумағында өз жұмыстарын жасырын жүргізіп отырды.

Иеговистер-бруклиншілердің бір тобы Абай қаласында орналасты. Оның жетекшісі Нахтиталь Александр Рудольфович еді. 1953 жылы Жезқазған қаласында туған. Ұлты орыс. Орта-техникалық білімі бар (ҚОМА, 1364-қ, 128-іс: 13). Діни фанатиктігімен ерекшеленетін А.Р. Нахтиталь әскер қатарына барудан бас тартқаны үшін екі рет сотталған. Кеңес өкіметін мойындамай, бір де бір сайлауға қатыспады.

Иеговист-бруклиншілердің тағы бір тобы Шахтинск қаласында орналасты. Бұл топты 1922 жылы Дорогобыж облысында туған, ұлты украин, Якимец Степан Михайлович басқарды. Ертеректе Украина КСР ҚК 54-Іа бабы бойынша сотталған С.М. Якимец те, ашық түрде кеңес билігін мойындамай, сайлауларға қатысудан бас тартып отырды (ҚОМА, 1364-қ, 128-іс: 13).

Осы бағыттағы діни топтардың бірі Осакаровка ауданында орналасты. Ұйымға Андроник Петр Иванович жетекшілік етті. 1925 жылы туған, ұлты молдаван. Андроник П.И. Украина КСР ҚК 54-10, 54-11, 54-18 баптары бойынша сотталған. Кеңес өкіметін мойындамай, сайлау немесе басқа да қоғамдық-саяси шараларға қатысудан бас тартты.

Иеговист-ильиншілер діни ұйымы Қарағанды қаласында жұмысын жасады. Құрамында 20-ға жуық мүшесі бар діни ұйымды, 1905 жылы туған зейнеткер Топчиев Николай Афанасьевич басқарды. 1936 жылы Украина КСР ҚК 54-10 бабының II тармағы бойынша ЕТЛ-не 8 жылға, ал 1950 жылы Өзбек КСР ҚК 67 және 58-ші баптары бойынша сотталған. Ильин ағымының брошюраларын таратумен айналысап, тыйым салынғанына қарамастан басқа қалаларда орналасқан иеговистермен байланыс орнатқан.

Жергілікті иеговистер арасында беделді болғандардың бірі – Теслюк Иван Сергеевич. 1927 жылы туған. Ұлты украин. 1949 жылы РКФСР ҚК-нің 54-10 бабымен ЕТЛ-не 7 жылға айдалса, 1967 жылы 142 бап бойынша 3 жылға сотталған (ҚОМА, 1364-қ, 128-іс: 14). Белсенді түрде діни брошюраларды дайындап, таратумен бақылау органдарының назарына түскен.

1986 жылы КСРО Министрлер Кеңесінің дін істері жайлы кеңестің Қарағанды облысы бойынша уәкілеттісі, облыс көлеміндегі барлық діни ұйымдарды өз ықпалында ұстау, олардың заңға қайшы әрекеттерін тоқтату мақсатында жұмыстар жүргізу бойынша жоспар жасады (ҚОМА, 1364-қ, 129-іс: 3). Жоспарға сәйкес бұрынғы жылдардағыдай, діни ұйымдардың

қызметін қадағалау шаралары қарастырылды. Діни ұйымдардың қызметін шектеуде қолданылатын шаралар өзгеріссіз қалды. Билік органдары ол жұмыстардың нәтиже бермесін де түсінді.

Діни мерекелердің аталып өтілуі

Билік органдары, органдар жанынан құрылған ықпалдасу комиссияларының дін істері бойынша бақылауында болған іс-шаралардың бірі – діни мерекелер. Мереке өтуі, оған адамдардың қатысуы, қатысушылардың ұлттық, жыныстық құрамы мен жас ерекшеліктеріне баса назар аударылды. Статистикалық мәліметтерді тіркеп, жыл сайын салыстырмалы талдаулар жасап, есепке алды.

1986 жылы 4 мамырда облыстағы діндарлар мен діни ұйымдар «пасха» мерекесін тойлады. «Неміс пасхасы» қарсаңында лютеран, меннонит, католик және баптистік ұйымдар арасында КСРО-дағы діни культтер жайлы заңның орындалуын қамтамасыз ету үшін әңгімелер жүргізілді.

Дегенмен, мереке күндері заңға қайшы әрекеттер байқалған жоқ. Діндарлары ең көп жиналған ұйым лютерандар болды. Қарағанды қаласындағы шіркеуге барлығы 500-ден астам адам жиналды. Аса белсенділік танытқан діни ұйымдардың бірі – меннониттер болды. Мерекені атап өтуге жиналған 450-дей адамның, 30 пайызын жастар құрады. Жастар арасында жасы 20-ға дейінгілердің үлесі көп болды. Қарағанды қаласында ЕХБ ұйымы бойынша да дәл осындай жағдай қалыптасты (ҚОМА, 1364-қ, 130-іс: 3).

«Пасха» мерекесін тойлаудағы неғұрлым белсенді болғандары орыс православие шіркеуі. Олар дайындық жұмыстарын кішігірім ғимараттарды жөндеу, сырлау жұмыстарынан бастады.

«Пасха» күнгі священниктердің уағыздары өзінің салтанатымен ерекшеленді. Олардың жер бетіндегі бейбіт өмір үшін қосқан үлестері, Кеңестік бейбітшілік қорына қосқан үлесі жайлы айтылды. 1986 жылы Кеңестік бейбітшілік қоры Қарағанды қаласындағы Михайл-Архангельский шіркеуінің попы А.В. Уловичті бейбітшілік қорының күміс медалімен марапаттады.

Дегенмен, өткен жылдармен салыстырғанда ОПШ-де келушілердің саны азайған еді. 1986 жылы 3-4 ші мамырдағы құлшылық етуге 700 адам қатысқан. Осыған дейінгі жылдарда 1000-ға жуық адам қатынасып отырған. Осы жағдай Оса-

каровка ауданында да байқалды. Осакаровка ауданы бойынша өткен жылдармен салыстырғанда 20-30%-ға азайған болатын (ҚОМА, 1364-қ, 130-іс: 5].

«Пасха» мерекесін тойлау барысында белсенділік танытқан ЕХБ жастары Иисус Христосты насихаттады. Меннонит және католик жастары арасында да мерекені тойлау белсенді жүрді (ҚОМА, 1364-қ, 130-іс: 6]. Кеңес өкіметінің жастар мен мектеп жасындағыларды діннен алшақ ұстауға тырысқан іс-әрекеті де нәтиже бермеді.

XX ғасырдың 80-ші жылдарындағы халықаралық ахуал, діни ұйымдардың күнделікті қызметінің барасына әсер етті. Кеңес-Ауған соғысы мұсылман діни ұйымдарының жағдайын ауырлатты. 1986 жылы «Азия және Африка елдерінде «жауыққан ислам» ағымының күшеюіне байланысты, осы мәселені назарда ұстау ерекше тапсырылды (ҚОМА, 1364-қ, 130-іс: 7). Мұсылман діни ұйымдарының Орталық Қазақстан бойынша репрессиядан кейінгі қайта жандануы Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарымен сәйкес келді. Соғыс жылдарында Қарағанды қаласының Октябрь және Ленин аудандарында ашылған мешітке, кейінірек Қарқаралы және Жаңаарқа аудандарындағы мешіттер қосылған болатын. Дегенмен, XX ғасырдың 50-60 ж. жасалған діни қысым салдарынан аудандардағы мешіттер жабылып, тек қана облыс орталығындағы мешіттер қалды. Зерттеліп отырған уақыт аралығында Орталық Қазақстан бойынша барлығы үш мешіт болды. Оның біреуі облыс орталығы Жезқазған қаласында, екі мешіт облыс орталығы Қарағанды қаласында орналас-ты (ҚОМА, 1364-қ, 130-іс: 8). Дегенмен үлкен аумақты қамтып жатқан Орталық Қазақстан үшін бар-жоғы үш мешіттің жұмыс істеуі аздық етті. Облыс орталықтарынан әлдеқайда алшақ орналасқан елді-мекендерді есепке алғанда, олардың діни қажеттіліктерін қамтамасыз етуі мүмкін емес еді.

XX ғасырдың 80 жж. КСРО көлемінде батыс елдеріндегі діни ұйымдармен байланыстың жыл санап артып келе жатқандығы жайлы пікірлер, мінбелерден ашық айтыла бастаған болатын (Кузнецов Е.В., Романовская В.Б. Народно-христианское диссидентство 60-70-х: евангельские христиане-баптисты (ЕХБ), 1996: 122).

1986 жылы 15 тамызда Қарағанды қаласының мешіттерінде «Құрбан айт» мерекесі аталып өтті. Мерекеден бұрын Қарағанды қаласы Ленин (№1 мешіт) және Октябрь (№2 мешіт) ауданының төрағасы және төрағасының орынбасарла-

ры Е.Н. Поддубная мен Б.И. Неверова мешіт имамдарымен әңгіме жүргізіп, дін саласындағы кеңестік заңнаманың орындалуын талап етті.

Мерекке аталып өткен күні таң намазына 400-дей адам келген. №1 мешітте 250, ал №2 ші мешітке 160-180 адам келген болатын. Келгендер арасында 30-ға жуық әйелдер болды. Айт намазы таңғы сағат 9.00-10.00 аралығында өтті.

Айт намазы алдындағы жұма намазына №1 мешітте 80-90 адам, №2 мешітте 50-60 адам қатынасты. Уағыздарда құдайға құлшылық ету айтылды (ҚОМА, 1364-қ, 130-іс: 10).

1986 жылы 28 қыркүйекке евангелия христиан-баптистер, менониттер мен лютерандар арасында «Жатва күні» мерекесі аталып өтті. Қарағанды, Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай қалалық, Ульяновка, Осакаровка, Қарқаралы аудандық атқару комитетінің комиссия мүшелері культ жайлы заңның орындалуын қадағалады.

Жай күндері таңертеңгі және күндізгі құлшылық етуге 250-300 адам, оның 50-60 жастар қатынасады. Ал 28 қыркүйек күнгі «Жатва» мерекесіне қатысты күндізгі уағызға 450-500 дей адам қатынасты. 30 жасқа дейінгі жастар мен балалардың саны 100 адамнан асты (ҚОМА, 1364-қ, 130-іс: 14).

Мерекеге байланысты ғибадатхана безендірілді. «Құдай – ол махаббат» деген жазбаларды қабырғаларға іліп, 40 адамнан тұратын хормен өлеңдер айтылды. Қауым басшыларының бірі Дерксан Абрам Францевич «Жатва» мерекесі жайлы жарты сағаттық уағыз айтып, құдай күші, адамдарға берген сыйы, құдайды жақсы көру және оған сиыну керектігін айтты.

Қарағанды қаласындағы лютерандардың құлшылық етуіне 1500-дей діндарлар қатынасты. Оның 80%-ға жуығын әйелдер құрады. Салыстырмалы түрде жастар мен балалар аз болды. Уағызды пресвитерлер И.Г. Ризен мен И.И. Гуди жүргізді. Ғибадатхана жеміс жидектермен, өсімдік жапырақтарымен безендірілді.

Евангелия христиан баптистерінің Қарағанды қаласындағы бір неміс және екі қауымның орыс бөлігіне арналған құлшылығына 1300-дей адам қатынасты. Бұл жерде де әйелдер көпшілікті құрады. Жүзден астам мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар қатынасты.

Баптизм мен Христосқа мадақ діни өлеңдер айтылды. Діндарларға уағыз айтқан қауымның аға преситері Э.К. Баумбах халыққа атақты ғалымдар, жазушылардың құдайға сенбей, өмірінің соңында діндар болғандығы жайлы (мысалы: неміс ақыны В. Гете) айтты. Бақылау комиссиясының мүшелері хорда бір қатарда

мектеп жасындағы балалардың болғандығын айтып ескерту жасады (ҚОМА, 1364-қ, 130-іс: 15).

Осы күні жеке пәтерде 100-ден астам адаммен құлшылық жүргізген меннониттерге ескерту жасалып, оларды әкімшілік жазаға тарту туралы шешім қабылданды (ҚОМА, 1364-қ, 130-іс: 16).

Координациялық Кеңес діни экстремизмнің күшеюіне аландаушылық білдіріп, осы мәселені жиі көтере бастады. Экстремистік топтар қатарына меннониттер де жатқызылды. Октябрь ауданында көп жылдар бойы тіркеуден өтпеген 120-дан астам адам мүше меннониттер ұйымы жұмыс жасады.

Аудандық атқару комитетінің жәрдемдесу комиссиясының төрайымы Е.Н. Поддубнаяның басшылығымен 1985-1986 ж. 22 діндардың культ туралы заңнаманың бұзылуына байланысты істерін қарады. Олардың 14-іне айыппұл салынды. Комиссияның Я.Я. Биккерт, А.А. Гинтер, Г.Д. Исаак, Я.П. Герцен, А.Д. Классендер материалдары прокуратураға жіберіліп, шаралар қолданылды.

1986 жылы тамыз-қыркүйек айларында Қарағанды қаласының Киров және Совет аудандарының атқару комитеттері діндарлар арасында әңгіме жүргізді. Себебі, шіркеулер жанынан монахинялардың көбейгендігі байқалды. Жас қыздар өздерін монахинялық өмірге дайындап, қоғамдық іс-шараларға қатысудан бас тарту жиіледі. Қыздардың осы жолға түсуіне кінәлі деп табылған священник Н.Н. Горошко, Чернышев, Писаревтерге қатаң ескерту жасалды (ҚОМА, 1364-қ, 130-іс: 19-20).

1987 жылы дін істері жөніндегі комитет уәкілеттісі жұмысының негізгі бағыттары мұсылман дініне байланысты болды. 1986 жылы 18 тамызды КОКП ОК қабылдаған «Ислам ықпалымен күресті күшейту жайлы» қаулысы негізінде қосымша іс-шаралар жүргізу жайы қарастырылды (ҚОМА, 1364-қ, 131-іс: 1).

«Білім» бірлестігімен біріге отырып діндарлар арасында құқықтық насихат жұмыстарын күшейту, КСРО мен Қазақ КСР Конституцияларын, діни культтер жайлы кеңестік заңнаманы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, діни уағыз арқылы пайда табатындардың жұмысын тоқтатуға тырысты. Халық Депутаттар кеңесі атқару комитетінің шешімімен діни рәсімдерді жүргізуге тыйым салу сынды іс-шараларды жүргізді.

Қалалық, аудандық атқару комитеті, қалалық аудандық коммуналдық шаруашылықтарға рулық зираттардың пайда болуына, зираттарда жөндеу жұмыстарын жүргізуге, мұсылмандық

үлкен мазарлар тұрғызуға тыйым салды (ҚОМА, 1364-қ, 131-іс: 2). Өткен жылдармен салыстырғанда діни мерекелерді тойлауда белсенділік көрсетті. Бақылаушы комиссиялар діни мерекелердің аталып өтуінен өрескел қателер тапқан жоқ.

Діни ұйымдар қызметін қадағалауға соңғы ұмтылыс

1988 жылы «қайта құру», «жариялылық және қоғамды демократияландыру» жағдайындағы жоспар бойынша діни ұйымдар мәселесінде келесі бағыттарға баса назар аударылды:

- діни культтер бойынша заңнаманың орындалуын қадағалау;

- жергілікті органдармен бірлесе отырып діндарларды интернационализм, азаматтылық және кеңестік отансүйгіштікке тәрбиелеу;

- өзін молда жариялаған адамдар мен экстремистік бағыттағы діни ұйымдардың көшбасшыларының ықпалында қалған адамдарды дін ықпалынан айыру, топтар мен қауымдастықтардың заңға қарсы әрекеттерімен жұмыстар жүргізу;

- жергілікті билік және құқық қорғау органдарымен байланысты жақсарта отырып діни ортадағы келеңсіз құбылыстармен күрес жүргізу, дін жайлы кеңестік заңнаманы насихаттау (ҚОМА, 1364-қ, 132-іс: 2). Жүргізілген іс-шара бойынша жазбаша есеп сұрататын орталық, ендігі жерде телефонмен хабарласып есеп беруге де рұқсат берді. Бұл да болса, қажет жағдайда шұғыл қимылдауға бағытталған іс-шара еді.

Қарқаралы және Егіндібұлақаудандарындағы мұсылман культі бойынша және құқыққа қарсы әрекеттің алдын алу барысында «мешітсіз молда» науқанын да жүргізді (ҚОМА, 1364-қ, 132-іс: 4).

Жалпы мұсылмандық діни ұйымдардың құқықтары аяқасты болды. Себебі, 1988 жылы Жезқазған облысы бойынша тіркеуден өткен барлық діни ұйымдарда 49 діни жетекші болса, соның 33-і молдалар еді. Ал тіркеуден өтпей, заңсыз жұмыс жасап отырған діни ұйымдардағы барлық 61 діни ұйым жетекшілерінің 41-ін молдалар құрады. Қарағанды облысы бойынша барлық тіркеуден өткен ұйымдардың 79 діни басшыларының 19-ы молдалар болса, тіркеуден өтпеген 28 діни ұйым басшыларының 15-і молдалар еді (РФМА, Р-6991-қ, 3800-іс: 34-46). Мешіттердің ашылуына рұқсат етілмеді. «Қаңғыбас молдалар» деген жаламен әртүрлі

жазалауға, әкімшілік айыппұлдар төлеуге мәжбүр етті.

XX ғасырдың 60-шы жылдарының ортасында «ғылыми атеизм» арқылы күрес атауымен енген кампанияның бір түрі, «қайта құру» барысында да өз жалғасын тапты. 1988 жылы Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ жанындағы ғылыми атеизм кафедрасы мен ҚарММИ философия кафедрасының ғалымдарымен бірлесе отырып, облыс көлемінде жинақталған материалдар негізінде «Духовный мир современного верующего» кешенді мәселемен айналысу жұмыстарын жүргізу тапсырылды. ЖКА және лютеран қауымдастықтары бойынша социологиялық сауалнама жүргізілді.

Русь шоқынуының 1000 жыл толуына орай орыс православие шіркеуі мен өзге де христиандық діни ұйымдардың дайындық жұмыстары мен тойлау жұмыстарын қатаң бақылауға алу, Киров, Октябрь және Осакаров аудандық комитеттері мен Қарағанды, Теміртау, Шахтинск және Абай қалалық атқару комитеттерінің комиссияларының жұмысын осы бағытқа бұру (ҚОМА, 1364-қ, 132-іс: 5) мәселелері көтерілді. Қарағанды облысы бойынша тіркеуден өтпеген сектант қауымдастығымен жұмысты арттыру іс-шаралары бойынша жоспар жасалды.

1988 жылы 3 наурызда КСРО министрлер Кеңесі жанындағы, 1988 жылы 29 наурыздағы Қазақ КСР Министрлер кеңесі жанындағы дін істері бойынша кеңестің жергілікті органдардың тіркеуден өтпеген және тіркеуден өтуден бұлтартып жүрген секталық діни ұйымдары анықталды. Қарағанды облысы бойынша 13 діни секта тіркелді. Олар баптист-меннониттер, «Шіркеулер кеңесі», пятидесятник-воронаевшылар, иеговистер еді. Комиссия мүшелеріне ұйым мүшелерінің ұлттық құрамы, жасы, оның жұмыс орны жайлы ақпарат жинау тапсырылды.

Секта көшбасшыларының моральдық және әлеуметтік келбетімен танысумен қатар, олардың осы экстремистік бағытты таңдау себебін анықтау керектігі айтылды. Құқыққа қарсы әрекеттері үшін секта басшыларына айыппұл салумен қатар, діни жораларды жүргізуге ғимарат берген адамды да әкімшілік жауапкершілікке тарту керектігі айтылды (ҚОМА, 1364-қ, 132-іс:8).

Алдын алу және түсіндірме жұмыстары барысында, діни ұйымдарға мүше болып жүргендерді секта көсемдерінің ықпалынан айыру мақсатындағы түсіндіру жұмыстары нәтиже бермей, олардың отбасы, балалары арқылы ықпал ету ұсынылды. (ҚОМА, 1364-қ, 132-іс: 9-10). 1988 жылы Кеңес өкіметі тарапынан дінді ықпалда ұстауға тырысқан соңғы әрекеттер жасалды. Қоғамдық-саяси өзгерістер, бірнеше ондаған жылдар бойы қатаң тәртіпте ұстап келген діни ұйымдардың қызметіне қойылған шектеулерді жоя бастады. Бұл күрес күні аяқталуға жақын биліктің соңғы имитациясы еді.

1989 жылы орталық тек қана нұсқау хат жіберді. Нұсқау хатта жаңаша ойлау және қайта құру жағдайындағы халықаралық жағдай, сонымен қатар бұрынғыша құрбан айт пен пасха мерекелерінің тойлануы жайлы ақпарат сұратумен шектелді (ҚОМА, 1364-қ, 133-іс:1). Архив материалдары нұсқау хатпен ғана шектелді. Қайта құру кезеңінің 1985-1991 жылдар аралығын қамтитыны белгілі. Бірақ, дін істері жөніндегі комитетке байланысты архив материалдары (ҚОМА, РФМА – К.Б.) осы жылмен аяқталады. Дін істері жөніндегі комитеттің де қызметінің бұрынғы қарқыны басылып, ескі канондардан бас тарта бастады. 1990 жылдың екінші жартысында одақтық Дін істері жөніндегі комитет өз жұмысын тоқтатты (Арапов, 2011: 84). Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында одақ көлемінде құрылған әкімшілік ұйымның да қызметі тоқтады.

Қорытынды

КСРО аумағында жағдайдың ушығуы немесе «дінмен күрестен» өзге күрделі мәселелердің пайда болуы, билік органдарының назарын басқа жаққа аударып жіберді. 80-ші жылдардың соңына қарай, өткен жылдардағы дінге қойылатын талаптармен жұмыстарды жалғастыруға, жауапкершілікті күшейтуге тырысты. Дегенмен, қоғамдық-саяси өзгерістердің ықпалымен діни ұйымдардың қызметі де жандана бастады. Ал, кейінірек КСРО құлап, құрылып жатқан тәуелсіз мемлекеттер дін еркіндігі жайлы заңдар қабылдап жатты.

Әдебиеттер

- ҚР Орталық Мемлекеттік Архиві, бұдан әрі – ҚОМА, 1364-к, 128-іс.
Ресей Федерациясы Мемлекеттік Архиві, бұдан әрі – РФМА, Р-6991-к, 4082-іс.
РФМА, Р-6991-к, 2981-іс.
ҚОМА, 1364-к, 129-іс.
ҚОМА, 1364-к, 130-іс.
Кузнецов Е.В., Романовская В.Б. (1996) Народно-христианское диссидентство 60-70-х: евангельские христиане-баптисты (ЕХБ) // Проблемы теории и истории российского государства и права. Нижний Новгород: НГУ. – с. 117 – 125.
ҚОМА, 1364-к, 131-іс.
ҚОМА, 1364-к, 132-іс.
РФМА, Р-6991-к, 3800-іс.
ҚОМА, 1364-к, 133-іс.
Арапов Д.Ю. (2011) Государственное регулирование ислама в Российской империи и Советском Союзе // Мир ислама, № 2(7). с. 68-85
Безрогов В. (2006). Между Сталиным и Христом: религиозная социализация детей в советской и постсоветской России (на материалах воспоминаний о детстве) // Антропологический форум. №4. С. 130-162
Anderson J. (1994). Religion, state and politics in the Soviet Union and successor states. – Cambridge University Press.

References

- ҚОМА, 1364-к, 128-іс.
РФМА, Р-6991-к, 4082-іс.
РФМА, Р-6991-к, 2981-іс.
ҚОМА, 1364-к, 129-іс.
ҚОМА, 1364-к, 130-іс.
Kuznetsov E. V., Romanovskaya V. B. (1996) Narodno-hristianskie dissidentstvo 60-70-h: evangelskie hristiane-baptistu (EHB) [People's Christian Dissidence of the 60s-70s: Evangelical Baptist Christians (EBC)] // Problemu i teorii rossiiskogo gosudarstva i prava. Nizhni Novgorod: NGU. s. 117 – 125.
ҚОМА, 1364-к, 131-іс.
ҚОМА, 1364-к, 132-іс.
РФМА, Р-6991-к, 3800-іс.
ҚОМА, 1364-к, 133-іс.
Арапов D.W. Арапов Д.Ю. (2011) Gosudarstvennoe regulirovanie islama v Rossiiskoi imperii i Sovietskom Sowthe [State regulation of Islam in the Russian Empire and the Soviet Union] // Mir islama, № 2(7). с. 68-85
Bezrogov V. (2006). Mejdu Stalinym I Xristosom: religioznaya socializacia detei v sovietskoi I postsovietskoi Rossii (na materialah vospominania o detstve) [Between Stalin and Christ: The Religious Socialization of Children in Soviet and Post-Soviet Russia (on materials from childhood memories)] // Antropologicheski forum. №4. S. 130-162
Anderson J. (1994). Religion, state and politics in the Soviet Union and successor states. – Cambridge University Press.